

ОҚЫС ОҚИҒА

СОҢҒЫ СЫЙЛЫҚ



Қарағандыда 33 жастағы әйел биік ғимараттан секіремін деп ажал құшты. Шахтинск қаласының тұрғыны «роуп-жампинг» деп аталатын әуесқой спорттан ләззат алмақшы болған екен. Алайда қауіпсіздікке жауапты нұсқаушының салғырттығынан мерт болды. Сақтандыру арқаны ілінген темір арқанның бір ұшы бекітілмеген болып шықты.

33 жастағы Евгения Леонтьева «роуп-жампингпен» әуестенгеніне көп болмапты. Бұл марқұмның 3-ші рет секірісі екен. Алғашында биіктікке қорқақтап шыққан келіншектің, соңғы уақытта өзіне деген сенімділігі артқан. Сондықтан сақтандыру белдігін тағып, төменге қарай өзін ойланбастан тастап жіберген. Оңбай құлаған келіншек шұғыл жансақтау бөліміне жеткізіліп, басына ота жасалған. Бірақ есін жимастан көз жұмды.

Нейрохирург Ниязбек Ерниязов: «Өте ауыр жағдайда жеткізілді. Бас пен миға қатты зақым келген. Шұғыл түрде ота жасалды. Бірақ соккының ауырлығынан оның өмірін сақтап қалу мүмкін болған жоқ», — деді.

Жазатайым оқиға болған қонақүй жаздан бері жабық тұрған. Ақылы түрде биіктен секіруді ұйымдастырушылар нысан қожайынынан рұқсат алыпты. Қазір нұсқаушы қамауға алынды. Оның 8-ші

қабаттан секірген Евгения Леонтьеваның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өрескел қате жібергені анықталды. Қауіпсіздік арқанын ұстап тұратын сымның бір ұшы бекітілгенін тексермепті. Марқұмның арқасынан қағып соңғы сапарына шығарып салған. Енді тергеушілер Қарағандыда қанатын кенге жайған осы аттракционның қаншалықты заңды негізде жұмыс жасағанын анықтап жатыр. Ғимараттың үстінен секіруге рұқсат берген қонақүй қожайыны да жауапқа тартылуда.

— Тергеу амалдары барысында 32 жастағы аттракцион нұсқаушысы анықталып, оның қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзғаны белгілі болды. Күдікті Қазақстан Республикасы Процессуалдық Кодексінің 128-бабына сәйкес ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды, — деді Қарағанды облыстық ПД баспасөз хатшысы Бакытжан Құдияров.

(Жалғасы 4-бетте)

ТҮЙТКІЛ

ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ ЖАБЫРҚАУ КЕЙПІ



Біздегі білім саласындағы қордалы мәселенің сүйектісі – мектеп жетіспейді. Осы күнде өлімізде 7400-ден аса мектеп бар болса, сол білім ошағында 3,5 миллионнан аса бала білім алып жатыр. Сарапшылардың топшылауымен осы үш жарым миллион оқушының 70 пайызы екі ауысыммен білім алады, одан сырт 200 мың оқушы үш ауысыммен жұмыс істейтін мектепте оқиды екен.

Дамудың даңғылында дамылсыз қанат сілтеп бара жатқан өркениетте елдердің қай-қайсын қараңыз, үш ауысымды былай қойып, екі ауысыммен оқу деген түсінікті санасына сыналсаң да, сіңіре алмайсың. Білім деңгейінің өрлеуіне бір ауысыммен оқыту жүйесі жақсы әсер ететін көрінеді. Еліміздің білім ошақтарындағы оқу жүйесін бір ауысым арнасына ауыстыру үшін елімізге кемінде 3 мың мектеп салынуы керек.

(Жалғасы 4-бетте)

СҰХБАТ

Көшедегі жарнаманың қазақшасына көңіл тола ма? Сауатты ма? Мағынасы түсінікті ме? Біз бұған үзілді-кесілді «ЖОҚ!» дейміз. Тіл мамандары қанша дабыл қаққанымен, ақсақ аударма әлі де үстем. Бұл өзі қашан түзеледі? Осы олқылықтарды реттейтін жауапты мекеме бар ма? Неге жарнамада қазақ тілі қашан көрсең де «сүмірейіп тұрады»? Jas qazaq осы және өзге де сауалдарды Алматы қаласы Тілдерді дамыту және латын графикасына көшу орталығы басшысының міндетін атқарушы Бақыт Қалымбетке қойды.

Бақыт ҚАЛЫМБЕТ:

«ҚАМШЫМЕН» ҰРУҒА БОЛМАЙДЫ, ЕНДЕШЕ «КҮЛШЕ» БЕРЕЙІК



Jas qazaq: Көшедегі жарнамалардағы орашалақ аудармаларға тоқтау қойып, тыйым салатын, тіпті жауапқа тартатын тәртіп орнатуға болмай ма? Біздің елде тіл туралы заң бар, соған өзгеріс енгізіп, осындай қатаң талап қойылмаса, бұл жағдай қайталануы мүмкін шығар?

Б.Қалымбет: Иә, тіл мәселесіне келгенде көптің көзіне ең бірінші түсетіні, назарына ілігіп, наразылығын тудыратыны — көшеге ілінген жарнамалардың қазақша нұскасы.

Жарнаманың тілі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның «Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі» деп аталатын 21-бабымен реттеледі. Осы бапқа қазір өзгертулер мен толықтырулар енгізілгені жатыр. Кеше ғана ол туралы заң жобасы Парламент Мәжілісінде екінші оқылымда мақұлданып, Сенаттың қарауына жолданды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 75-бабында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық белгіленген.

Жақында республикалық деңгейде осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру туралы үлкен жиын өтті. Тіл туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету мәселесі жан-жақты талқыланды. Өңірлердегі жергілікті атқарушы органдарға нақты тапсырмалар берілді.

Қазақстан Республикасы «Жарнама туралы» Заңының 17-2-бабында жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратыны, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзушылықты жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар беретіні көрсетілген.

Алматы қаласында жарнама саласын мемлекеттік тұрғыда реттеу Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының құзыретіне берілген. Алматы қаласы әкімдігінде жарнама мәтінін қарап, қатесі болса түзетіп, келісім беру тәжірибесі бұрыннан бар. Сондай ішкі тәртіп белгіленген. Содан кейін ғана тиісті мемлекеттік мекеме жарнаманы орналастыруға рұқсат береді. Ал әкімдіктегі мемлекеттік қызметші мамандар жарнама мәтінінің қазақшасын қарап, қатесін түзетуге қаншалықты қабілетті? Ол бөлек мәселе. Дегенмен бұл тұрғыда барынша осы іске бейімі бар мамандарды тартуға тырысамыз. Кейде көп болып ақылдасып, кенесіп, келісіп шешіп жатамыз.

(Жалғасы 3-бетте)

МЕРЕЙ

ЕКЕУІ ДЕ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!



Сауд Арабиясының Жидда қаласында ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты өтті. Ел намысын екі спортшымыз қорғап, екеуі де әлем чемпионы атанды. 17 жастағы Рахат Бекболат 102



келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күш сынап, қоссайыста 355 келі (155+200) зілтемірді көтерді. Күміс медаль алған түрік атлеті Тенір Шағалар Рахаттан 18 келі кем көтерсе, қола медальді місе тұтқан Ирак спортшысы Амар Рубайдың қоссайыстағы көрсеткіші біздің толағайдан 21 келі кем шықты.

Қыздар арасында Руфина Шалқарова 81 келі салмақта топқа түсіп, жұлқа тартуда 107 келіні, серпи көтеруде 140 келіні (қоссайыс қорытындысы бойынша 247 келі) ауырсынбай, әлем чемпионатының алтынды алды. Күміспен күттелген бразилиялық Тиана Жустино 219 келіні, қола медаль бұйырған түрік қызы Фатмагүл Шебік жұлқа мен серпи көтеруде 203 келіні өзгеріс еңсереді.

Байрағымызды биіктетіп, абыройымызды асқақтатқан қос өренге сәттілік тілейміз.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
83,99

DOLLAR
425,3

EURO
494

РУБЛЬ
5,93



ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ

Қазіргі уақытта климаттың өзгеруі ең өзекті мәселе болып отыр. Үкіметаралық сарапшылар тобы дайындаған Алтыншы бағалау баяндамасында көмірқышқыл газының шамадан тыс ауаға таралуы салдарынан жаһандық жылынудың осы жүз жылдықта 1,5 – 2 градусқа жоғарылайтыны айтылған. Сондықтан жер шарының тағдыры халықаралық қауымдастықтың бірлесіп атқарған жұмысына тәуелді. Еліміз де ортақ іске өз үлесін қосуға әзір. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтанда өткен «Париж келісімінің мақсатына және Қазақстанның көміртегіне бейтараптығына қол жеткізу жолдары» атты халықаралық конференцияда атап көрсетті.

Мемлекет басшысы көміртегінен таза ел болу тақырыбына арналған көрмені аралап, шараға қатысушылардың алдында сөз сөйледі.

Президент БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриштің көміртегінен таза ел болуға қатысты үндеуін қолдайтынын айтты. Орталық Азиядағы жылыну процесінің жылдам қарқын алуы алаңдаушылық тудырып, шұғыл әрекетті талап етеді.

— Бұл су мен азық-түлікті және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан өте маңызды. Қазақстан бидай мен ұн өндіруші ірі елдердің ондығына кіреді. Жылына 7 млн тоннаға дейін бидай

— Қазірдің өзінде Доктринадағы үлкен мақсатқа қол жеткізу үшін жүйелі күш-жігер қажет екені айқын. Бұл ретте, отын-энергетика кешенін жаңғыртуда, индустриалдық және агроөнеркәсіп саясатын қайта қарауда, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында, құрылыста және жалпы адамдардың өмір сүру дағдысында жаңа тәсілдер қажет. 2060 жылға қарай жаңғыртпалы және баламалы

экономиканы қаржыландыру, сондай-ақ трансшекаралық өзендердің гидрологиялық және экологиялық мәселелерін шешу шаралары туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шараны қорытындылай келе, ел экономикасының көміртегіне тәуелділігін төмендету тәсіліне көшу мәселесі батыл шешімдерді, қомақты қаражат пен тұтас қоғамның күш-жігерін біріктіруді қажет ететінін атап өтті. Климат



энергия көздері еліміздің жалпы энергия балансының 80 пайызынан астамын құрайтын болады. Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін мемлекет, бизнес және тұтас қоғамның бірлескен күш-жігері қажет. Оның сәтті жүзеге асырылуы 1990 жылғы деңгейден 15 пайызға төмендету туралы 2030 жылға дейінгі межеге қол жеткізіп қана қоймай, 2060 жылға қарай парник газының нөлдік деңгейіне жетуге мүмкіндік береді.

тақырыбындағы күн тәртібінің реттеуші тетіктері сауда-саттық пен инвестицияға кедергі келтірмеуі керек екеніне баса мән берді. Көміртегін аз пайдаланатын елге айналу үшін өтпелі экономикасы бар мемлекеттерге технологиялық және ресурстық қолдау көрсетуге дамыған елдер мен халықаралық ұйымдар жауапты. Президент осы орайда Үкіметке күн тәртібіндегі климат мәселелері

МАҚСАТ – КӨМІРТЕГІДЕН ТАЗА БОЛУ

экспорттайды. Ал жағдай нашарласа, 2030 жылға қарай бидай шығымы шамамен 40 пайызға төмендеуі мүмкін. Қазақстанның Орталық Азиядағы жалғыз экспорттаушы ел екенін ескерсек, бүкіл аймақтың азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төнетіні сөзсіз. Бұл қарапайым ғана мысал. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес — мұның ортақ іс екенінің дәлелі. Бұл аса маңызды мәселе, — деді Президент.

Еліміз табиғи қазбаларға айтарлықтай тәуелді екеніне қарамастан, осы ғасырдың ортасына қарай көміртегіге бейтараптыққа қол жеткізетін алғашқы жүз елдің қатарына енуді көздейді. Экономика мен өнеркәсіпте көміртегін аз пайдаланудың базалық тәсілдерін қарастыратын Қазақстанның 2060 жылға дейін көміртегіден таза ел болу доктринасы әзірленіп жатыр. Доктрина ел экономикасының қажеттіліктерін, оның ерекшелігі мен құрылымын ескеруі тиіс.

Нәтижесінде атмосфераға шығарылатын көміртегі қалдықтары 9 миллиард тоннаға дейін азаяды, — деді Мемлекет басшысы.

Мұндай үлкен мақсаттарға қол жеткізу үшін электр қуаты мен жылу өндіру секторын жаңартуға қомақты қаржы пен инвестиция тарту, парник газының қалдықтарына бөлінетін квоталарды саудалаудың ұлттық жүйесін қайта қарау, оны тиісті халықаралық жүйелерге сәйкестендіру қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жүргізіліп жатқан газбен қамтудың ауқымды жұмысы, жанартылатын және баламалы энергетиканы дамытудың әлеуеті мен жасыл



бойынша БҰҰ құрылымдарымен, Дүниежүзілік банкпен, халықаралық қаржы ұйымдарымен және дамыған мемлекеттермен ынтымақтастық орнатуды тапсырды.

Талап ТІЛЕГЕН

Кесте

НЕСИЕ (теңге)

(1.09.2020 – 1.09.2021)

Атырау облысы	2020	484 млрд	-5,2%
	2021	458,5 млрд	
Алматы	2020	6,7 трлн	+13,4%
	2021	7,6 трлн	
Павлодар облысы	2020	410,5 млрд	+16,6%
	2021	478,7 млрд	
Нұр-Сұлтан	2020	1,7 трлн	+17,6%
	2021	2 трлн	
Ақтөбе облысы	2020	428,3 млрд	+19,7%
	2021	512,8 млрд	
Қарағанды облысы	2020	703,9 млрд	+20,6%
	2021	849,7 млрд	
Шығыс Қазақстан облысы	2020	608,2 млрд	+9%
	2021	663,1 млрд	
Шымкент	2020	614 млрд	+33,8%
	2021	821,8 млрд	
Заңды тұлғалар	2020	7,3 трлн	-1,3%
	2021	7,2 трлн	
Жеке тұлғалар	2020	6,9 трлн	+33,3%
	2021	9,2 трлн	

Дереккөзі: Ұлттық банк

Аптаның ұсынысы



«ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЕРЕЖЕ БОЙЫНША, ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЖАСТАРҒА ЖАЛДАМАЛЫ БАСПАНАНЫ БЕРУ ҮШІН СОҢҒЫ АЛТЫ АЙДАҒЫ ТАБЫСЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАНЫ ТАЛАП ЕТЕДІ. ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ 40 АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШТЕН КЕМ БОЛМАУЫ ТИІС. 2021 ЖЫЛЫ БҰЛ КӨРСЕТКІШ 116 600 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ. АЛ ОСЫ БАҒДАРЛАМА ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ҚАЛААДАРДА ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДА НОМИНАЛДЫҚ ТАБЫС МӨЛШЕРІ ШЫМКЕНТТЕ 76 982 ТЕҢГЕ, АЛМАТЫДА – 166 554 ТЕҢГЕ, НҰР-СҰЛТАНДА 179 722 ТЕҢГЕ ЕКЕНІН КӨРСЕТІП ОТЫР. ТАБЫСТЫҢ МҮНДАЙ МӨЛШЕРІ БАСПАНАҒА ЗӘРУ ЖАС МАМАНДАР ҮШІН ТЫМ ЖОҒАРЫ. ОСЫНДАЙ ШАҒЫМЫН ЖЕТКІЗГЕН ЖАСТАР ТАБЫС ШЕГІН 4 АЕК-ТЕН 25 АЕК-КЕ АЗАЙТУДЫ СҰРАЙДЫ. АЙТА КЕТКЕН ЖӨН, АТАЛҒАН БАҒДАРЛАМА МЕГАПОЛИСТЕРДІ АСА ҚАЖЕТПІ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ КӨЗДЕЙДІ».

Ғани ТАШҚАРАЕВ, Мәжіліс депутаты

Аптаның дабылы



Дәния ЕСПАЕВА, Мәжіліс депутаты:

«Ресми дерекке жүгінсек, 2017-2018 жылдары Қазақстанға 81,5 млн долларға зергерлік бұйымдар өкелінген. Ал Түркия зергерлік бұйымдарды импорттаушылар қауымдастығының мәліметі бойынша, 2017 жылы тек Түркиядан елімізге 267 млн доллардың бұйымы жеткізілген. «Көлеңкелі» норықтың өсуіне Қазақстанда зергерлік бұйымдардың заңсыз өндірісі де ықпал етіп отыр. Мұндай цехтар ай сайын 1 тоннадан астам бұйым өндіреді. Зергерлік бұйымдардың тек 1-2 пайызы ғана заңды кәсіпкерлердің үлесінде. Осы сектордан түсетін салық көлемін сағат және бижутерия саудасымен бірге есептейді. Соның өзінде оның 2019 жылғы мөлшері небәрі 3,1 млрд теңге».

Әлеумет.т⁰

ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН!

«Әрбір отбасын сақтау — Отанымыздың берік болуының кепілі. Жас шаңырақ бақыт бесігіне айналуға тиіс» деген болатын Мемлекет басшысы К.К.Тоқаев.

Сонымен бірге «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында отбасын қолдау және нығайту — еліміздің табысты дамуының кепілі деп көрсетілген. Оны орындауға, яғни халықтың лайықты өмір сүруіне заңнамалық, әлеуметтік және жан-жақты қолдауға заң тұрғысынан барынша мүмкіндіктер жасалып келеді. Өйткені, тұрақты отбасын құру, көпбалалы болу — халқымыздың санын еселеп арттырудың негізі.

Алайда қоғамдағы отбасы институтының әлсіреуі, некелесу санының азаюы мен ажырасу фактілерінің өсуі күрделі мәселеге айналды. Соңғы жылдары бұл проблема жастар арасында көбейіп бара жатқандығы жасырын емес.

Ықылым заманнан ұрпақ өрбітіп, көбеюді өсиет еткен салт-дәстүрімізді ұстануға не кедергі? Бәрін әлеуметтік жағдайға сілтей салу қисынды ма?

Біздіңше, өте маңызды проблеманың терең түбірі — жастардың тәрбиесінде, олардың ортасына байланысты сияқты.

Ажырасу кезінде ең көп зардап шегетін балалар екені шындық. Дүние-мүлік бөлісу, балалардың тұрғылықты жерін анықтау дауы, алимент, туыстық қатынастардың үзілуі сияқты мәселелердің ауыртылуы да, моральды-әлеуметтік қиыншылықтары да жетерлік.

Толық емес отбасыда толыққанды бозбала мен бойжеткенді тәрбиелеу де оңай болмас.

Отбасы жайлы ұлттық баяндама мен ресми статистикалық мәліметтер бойынша 2015-2019 жылдар аралығында ажырасқан отбасылардың саны — 274,5 мыңды құрап, яғни жалпы тіркелген некелермен салыстырғанда, ажырасу саны 43% пайызға дейін көтерілгені байқалды. Демек, 5 жыл ішінде орта есеппен күніне 389 неке тіркелген, соның ішінде 150 отбасының шаңырағы шайқалған. Бұл қоғамды ойландыруға тиіс.

Ал 2019 жылы 120 мыңға жуық адам некесін бұзса, оның әрбір екіншісі, яғни 60 мыңнан астамы (60 324 жас адам — 50,5%) 18-35 жасқа дейінгі жастар. Одан кейінгі басым бөлігі 30-34 жас (23,3%) аралығындағы жас отбасыларға тиесілі.

2021 жылғы қантар-маусымда 64 951 неке және 9 447 ажырасу тіркелген. Ғаламдық індетке байланысты үйлену мен ажырасу санының төмендегенін ескергеннің өзінде бұл жағдайға бей-жай қарауға болмайды. Өйткені, бізге әрбір отбасының тағдыры қымбат. Оның үстінде отбасын дамыту мен қолдаудың 2009-2024 жылдарға арналған Жол картасында ажырасу деңгейін 2023 жылға қарай 30 пайызға, 2030 жылға қарай 25 пайызға төмендету жоспарланған.

Жоғарыда баяндалған ақпараттардың негізінде ажырасу жағдайларын азайту үшін, сондай-ақ бұл үрдісті тежеу мақсатында мынадай ұсыныстар енгіземіз:

1. Орта және жоғары оқу орындарында отбасы мәдениеті құндылықтарын сақтауға, қастерлеуге бағытталған озық тәжірибені оқып-үйрету және насихаттау бойынша арнайы факультативтер енгізуді қарастыру;

2. Ажырасу жағдайында мүдделері мен құқықтары қорғалуы үшін отбасыдағы балалардың (10-18 жас) сот ісіне қатысуын қамтамасыз ету қажет. Сот алдындағы отбасылық медиация сарапшыларының жұмысын ынталандыру, ерлі-зайыптыларды татуластыру мерзімін барынша ұзарту, яғни алты айға дейін созып, олардың ұйынан қайтуына мүмкіндік жасаған жөн (ажырасу аз тіркелетін өркениетті елдерде аталмыш процесс қымбат әрі ұзақ рәсім болып табылады);

3. Қазақстан Президенті халыққа арнаған Жолдауында «Зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерінің шегінен асатын бөлігін тұрғын үй сатып алу мақсатында «Отбасы банкіне» аударуға рұқсат беру қажет» деп атап көрсетті. Көпбалалы отбасылар үшін де банк тарапынан ынталандыру және қолдау механизмін жетілдіру;

4. Меншік түріне қарамастан барлық мекемелерде, ұйымдар мен ұжымдарда «Мерейлі отбасы» байқауы өткізілуі тиіс. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында отбасы құндылықтарын заманауи форматта дәріптейтін ақпаратты, видео-контентті көбейту.

Халқымызда «Отан — отбасынан басталады» деген қанатты сөз бар. Әрбір отбасы мен жас шаңырақты қолдау мен қорғау ісі мемлекетіміздің демографияны жақсартуына ғана емес, адами капиталдың сапасын арттыруына кезек күттірмес міндеті деп санаймыз.

Некелесіп шаңырақ көтеру, ұрпақ өрбіту — арқауы үзілмеген салт-дәстүрлі ұлықтау, ата-баба жолын жалғастыру. Мұны елдің, отбасы-әулетінің береkesіне айналдырған ер-азамат, әйел заты алқалауға лайық. Қара шаңырақ құндылығын құнттап, енші алып өрбудің мәдениетін сақтау — ең әуелі тәрбиеге байланысты. Бұл — барлық міндеттен де жоғары тұратын қасиетті қадам. Адам болудың, қоғам болудың, ел болудың алғышарты — осы. Рас, тұрмыс-тіршілік тактайдай тегіс емес.

Түрлі себеппен дәм-тұзы жараспағандарды жазғырудан аулақпыз. Әлемдік абыройға ие жазушы Лев Толстой: «Барлық бақытты отбасы бір-біріне ұқсайды. Әрбір бақытсыз отбасы өзінше бақытсыз» деп бекер айтпаса керек.

Депутаттық сауалымызда бүгінде талай отбасын әбiгерге салған өзекті мәселеден өзге де жайтты талдап, әлеуметке ой салдық.

Бәріміз де берекені олаймыз, баршамыз да ұрпақ үшін қам жейміз. Түтіні түзу үйдің енесі де, төрі де биік. Жаратқан жастарымызға осыны түсінетін сана бергей.

Дархан МЫНБАЙ, Мәжіліс депутаты, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

NARYQ

www.jasqazaq.kz

Оқыс оқиға

(Басы 1-бетте)

Ал спорттық туризм мен альпинизм саласының тіскаққан мамандары роуп-жампинг спорт түріне жатпайтынын айтады. Ол — экстремалды ойын-сауық. Сондықтан қандай да бір талаптар мен қауіпсіздік ережелері жоқ, құжат жүзінде де бекітілмеген. Сондықтан оны ешқандай мекеме қадағалай алмайды екен. Қарағанды облысы спорттық туризм клубының жетекшісі Сергей Кистановтың бұған қатысты пікірі мынадай:

— Салық органдары қадағалауы мүмкін. Себебі ұйымдастырушылар жеке кәсіпкерлік негізінде тіркеліп, қаржылық есеп береді. Ал басқа еш жағынан бұларға бақылау жоқ. Бұл — үлкен олқылық. Менің ойымша, мұны төтенше жағдайлар министрлігі бақылау керек. Өйткені бұл аттракцион оқыс оқиға ұғымымен тығыз байланысты.

Осы оқыс оқиғадан кейін халық қалаулылары да экстремалды ойын-сауықты қатаң бақылауға алуды талап етті. Үкімет отырысында депутат Артур Платонов «әй дейтін әже, қой дейтін қожасы» жоқ осы саланы бақылауды бір ведомствоның қарауына беру керек дейді. Тіпті жергілікті өзін-өзі басқару органдарында аттракциондарды бақылау міндетін беру керек деп ұсыныс айтты. Өйткені осындай аттракциондар еуразиялық ортақ талаптар бойынша ашылып, салық төлеп, жұмысын жалғастыруда. Мәжіліс депутаты Қарағандыдағы оқиға осы олқылықтың салдары дейді. Опатқа кінәлі инструктор жауапқа тартылғанымен, түйткіл сол күйі қалды. Өйткені жергілікті билік



СОҢҒЫ СЫЙЛЫҚ

экстремалды ойын-сауық саласын бақылауда ұстамайды.

— Жергілікті басқару органдары бұл ойын-сауық түріне рұқсат бермедік деп ауыздарын қу шөппен сүртеді. Оларға бұл ыңғайлы. Қайғылы жағдай бола қалса, «қатысымыз жоқ» деп қарап отырады. Ал киылған адам өмірі үшін кім жауап беруі тиіс? Сондықтан осы мәселені үкімет деңгейінде шешуді ұсынамын, — деді Артур Платонов.

Роуп-жампинг еліміздің барлық өңірінде кеңінен тараған. Ішкі ережелері бойынша биіктіктен секіремін деген азамат алдын ала қолхат береді екен. Жауапкершіліктен жалтару үшін оқыс оқиға бола қалса, ешкімді кінәламаймын деген сарында жазбаша келісімін алады. Бірақ заңгерлер бұл қағаздың занды күші жоқ дейді.

Құқыққорғаушы Илья Махлов: «Ешқандай қолхат қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды. Қарағандыда болған оқиғада қылмыс құрамы бар. Адам өліп, қайғылы жағдай орын алды. Сондықтан роуп-жампинг ұйымдастырушылары 306-бап бойынша жауап беруі тиіс. Тіпті 4 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Осы жағдайдан кейін мұндай әуестікпен шұғылданатын компанияларды арнайы лицензия алуға міндеттейтін заң керек», — дейді.

Евгения Леонтьеваға биіктіктен секіруге билетті күйеуі алып беріпті. Осылайша марқұмның туған күніне ерекше сыйлық жасамақшы болған. Бұл оның соңғы сыйлығы боларын кім ойлаған? Марқұмның артында көмелетке толмаған екі баласы қалды.

Диас НҰРАҚЫН

Түйткіл ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ ЖАБЫРҚАУ КЕЙПІ

(Басы 1-бетте)

Бұл дегеніңіз — бүгін-ертең ғана емес, тіпті алдағы бес-он жылдың бедерінде күрмеуі шешілетін шаруа емес. Өйткені отыз жылдың ішінде жаңадан салынған мектептердің саны 2 мыңға әлі жеткен жоқ.

26 мың бала мектепке зәру, яғни бізде осынша оқушыға білім ошағында орын тапшы, үш ауысым да бас ауруымыз. Міне, осындай түйткілдің түйінін тарқатудың әлегіне жаңадан салынған мектептердің сапасыздығы жамалып жатыр.

Алматы облысы Талғар ауданына қарайтын Дәулет ауылындағы салынғанына екі жылдың жүзі болған мектептің шатырынан су сорғалап, қабырғасы қақырай бастаған. Халық қазір бәрін оқып, біліп зерттеп отырады ғой. Қазынаның 1 миллиард 800 миллион теңгесіне салынды деген жергілікті тұрғындар «сметалық есебін» де шығарып қойған. Құрылыс сапасын сынға алған наразы жұрт сылағы айырылып, қабырғасы қақыраған мектептің жайын таспалап алып, әлеуметтік желіге жүктеді. Осы №11 мектеп 2019 жылы құрылысы аяқталып, салтанатты түрде пайдалануға берілген. Алайда екі жыл өтер-өпесте сыр беріп, сылағы ағып, төбесі тесілген білім ошағына жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан көрінеді.

Қарағандыдағы мектептердің бірінде оқушылар қашықтан оқуға көшуге мәжбүр. Оған биылғы көктемдегі дауылдың мектеп шатырын ұшырып әкетуі себеп болып отыр. Білім ғимаратының жалаңаштанған төбесінен су сорғалап, мектеп ұжымы күрескерлік танытып, аққан суды еденге жеткізбес үшін бірнеше шелек сатып алыпты. Өздерінің қалтасынан қаржы жинап алған



жұмыстың азабын кім тартады, өрине, мұғалімдер! Сабақ өтуі тиіс мамандар білектерін түрініп, жанталаса жүріп қабырғаны қайта сылап шығады. Сапалы салынса, жүйелі бақылау жүргізілсе, мұның бірі де орын алмас еді.

Елімізде мектеп жетіспеушілігімен қатар өріліп, қабаттасып келе жатқан сапасыз құрылыстың салдары да тым тереңде. Ең әуелгі себеп — тұңғығына бойлап алған жемқорлық. Халықтың қаржысы құйылатын мемлекеттік қазынадан бөлінген қаражат орнымен, ретімен жұмсалса, кем-кетігіміз ойдағыдай

көрсетіп, білім ошағын салып беріп те жүр. Өткенде білім және ғылым министрі инвесторлар есебінен бірнеше мектеп салынатынын айтты. Осындай қозғау болғанда ғана сен көбесі сөгіледі.

Ал енді жемқорлықты, қазынаның қаражатын жырымдап, жұмалауды тоқтату, сап тию тек өзіміздің пейілімізден. Осы саладағы жемқорлықты, паракорлықты тоқтатпай, қираған тұрғын үй мен опырылған білім ошақтарының зардабын халық тарта береді.

Қуаныш PAXMET

Қоғам

Бүгінде әлеуметтік желінің қыздырма шоғын үрлеп, сүрінсең құлады деп, құласаң тұра алмады деп бұра тарту белең алып тұрғаны жасырын емес. Қаптаған сайттар мен желілер де хайп қуудың, рейтинг, оқылым жасаудың түрлі тәсілдерін меңгеріп алған. Жазатайым қате бассаныз, қолдаудың орнына, «талап жеуді» қызық көретін топтар бар. Ниеттерін көріп қорқасың. Жаза басқан жан баласына анық-қанығына көзі жетпей тұрып, «шоқ-шоқтап» соңына түсуді әдетке айналдырдық. Желі беттері жақсылыққа жаршы болудан бұрын, жаманатты жарыса жазып, жарапазан айтып кетті.

МЕШІТТЕГІ «САУДА ДАУЫ» НЕМЕН АЯҚТАЛДЫ?



Соның бірі — Атыраудағы «Иманғали» мешіті мүлік сатты деп асығыс ақпарат тарап, әлемжеліде жұрттың талқысына түскенін білеміз. «Анқау елге — арамза молда» деп біржақты пікірмен облыстың бас имамының «тас-талқанын» шығарған түрлі пікірлер баршаға аян. Іле-шала қоғам алдына имамның өзі шығып, істің ақ-қарасын ашып айтты.

Алтынбек Ұтысханұлының айтуынша, ақпарат құралында жарияланған мақала бір жақты және тексерілмеген дәйектермен жазылған.

«Тойота Прадо» жол талғамайтын көлігін, жолаушылар таситын «Газель», «Ford Mondeo» көліктерін техникалық тұрғыда апатты жағдайда болғандықтан, сатылымға шығардық. Бұл заңсыз әрекет емес. Орысша айтқанда «списание». Барлық мекемелерде бұрыннан бар тәсіл. Жылы ескірген, бұзылып тұрған көліктер аукцион арқылы сатып алу порталына шығарылады. Ал біз бұдан түскен қаржы қалтамызға басқанымыз жоқ. Барлығы мешіт игілігі үшін. Занды түрде мешіттің кірісіне алынып, қызметкерлер жалақысы, мешіттің коммуналдық шығыны, баспана, мешітті бейнекамералармен жабдықтау сияқты жұмыстарға жұмсалады. Өткен жылы мешіт қызметкерлеріне 6 қызметтік үй берілді. Бұған дейін қайырымдылық мекемесі ретінде жұмыс істеп келген мекеме қайта жаңғыртылып, қызметтік пәтер ретінде қызметкерлерге қайта жасакталып берілді. Сатудан түскен қаржының орталық мешіт ғимаратын камерамен жабдықтауға да пайдасы тиді. Сондай-ақ Құран жаттау және діни

сауат ашу орталығының ашылғанын да атап өткеніміз жөн. Діни мамандарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында аталмыш орталық жанынан да қызметтік баспаналар салынып, қолданысқа берілгенін мәлімдейміз», — деді мешіттің бас имамы А.Ұтысханұлы.

Мешіт тарапынан берілген ресми жауапта Атырауда діни кадр мәселесі өткір тұрғаны да айтылған. Сонымен бірге қызмет етіп жатқан дін мамандарын баспанамен қамтамасыз ету жайы да басты назарда. Осы ретте орталық мешіт ішкі ресурстар және демеушілік көмек есебінен қызметкерлерді баспанамен қамтамасыз ету мәселесін басты назарда ұстап отыр. Айтулы дауға толық дәйектеме болсын деп, облыстың дін істері басқармасы басшысының да пікірін білдік.

Атырау облысы дін істері басқармасының басшысы Хайролла Көшқалиев аталған «сауда дауы» заңды әрекет екенін айтты: «Мешіт дегеніміз — діни бірлестік, яғни қоғамдық ұйым ретінде тіркеледі. Өзіндік жарғысы бар. Ал жарғыда мешіт балансындағы мүліктердің кейінінен (*жарамдық мерзіміне жеткен соң*) сатылатыны жазылған. Міне, сол жарғыға сүйеніп, олар көліктерді сатып, одан түскен қаржыны тек мешіттің ішкі шаруасына жұмсайды. Ал сатуға шығарудан бұрын олар Мүфтиятқа хат жолдап, рұқсат алады. Одан бөлек, оны арнайы құрылған комиссия қарайды. Осыдан кейін ғана мүліктерді сата алады. Міне, нақтысы осылай. Мешіттің имамы өзі ойластырып, мүлкін сата бермейді».

Нүргүл НАСЫР,
Атырау облысы

ЖАСАЙ БЕР, ТӘУЕЛСІЗДІГІМ!



Елімізде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралардың легі басталып кетті. Соның бірі — «Парасат жолы» жобасы аясында Қызылорда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №13 балалар кітапханасында «Жасай бер, Тәуелсіздігім!» атты мерекелік көш.

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің баспасөз қызметінің мәліметінше, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орайластырылған бұл шараның мақсаты — өскелең ұрпақты Отанын сүйеге, мемлекет рәміздерін қастерлеуге баули отырып, туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, елін,



жерін, тілін, тарихын құрметтейтін жаны таз, адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу.

Мерекелік кеште Қызылорда қаласындағы «Қарақат» мектеп студиясының өнерпаздары Мәдина Ерғабыл, Жанерке Әлиәкім, Бекнұр



Әнуарбек, Айзере Толыбай, Айдын Толыбай өнер көрсетті. Олар Серік Бертаевтың «Тәуелсіздік таны», Махмұтбай Әміреұлының «Тәуелсіздік толғауы», Иран-Ғайыптың «Тәуелсіздік жырлары», Қалқаман Сариннің

«Тәуелсіздік» жырларын жатқа оқып, домбырамен ән-күй орындады.

Кешке қатысушы Мәдина Ерғабыл бұл шарадан үлкен тәжірибе алғанын жеткізді. Ол: «Еліміздің Тәуелсіздік алғанына биыл 30 жыл. Осы аралықта Қазақстан қарқынды дамып, әлемге танылды. Біздің өнерпаздарымыз бен спортшыларымыз еліміздің көк туын көкке желбіретті. Болашақта біз де елімізді әлемге таныту үшін жақсы оқып, сапалы білім алып, Отанымызды тек биіктен көрсеткіміз келеді. Сондықтан осындай мерекелік шаралар жиі ұйымдастырылса, біз Тәуелсіздігімізді әрқашанда жырлауға дайынбыз», — деді.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

«Талибан» қозғалысы елдегі бақылауды қолына алғаннан бері мықты билік орнатып, сыртқы байланысты нығайтуға күш салып жатыр. Қатаң шариғат талаптарына бағынатын Ислам мемлекетін құрамыз дегенмен, сыртқы қысымдардың нәтижесінде кейбір либералды басқару жүйесінің де элементтеріне

жол беруде. Тәліп басшылары елді басқаруда адам құқығын қорғау секілді халықаралық стандарттарға көңіл бөлетіндіктерін көрсетіп бағуда. Мұның астарында әлемдік қауымдастыққа өздерінің халықаралық нормаларға сай саясат пен екіжақты байланыстарды тиімді түрде жүргізу ниеті жатыр. Әрине, бірінші кезекте АҚШ, Ресей, Қытай және Еуроодақ секілді алпауыттармен екіжақты қарым-қатынас орнату тәліптер үшін өте маңызды. Себебі сыртқы саяси бағытының жемісті болуы аталған елдермен орнатқан ынтымақтастыққа тікелей байланысты.

Ондаған жылдарға созылған соғыстың салдарынан құлдырап кеткен әлеуметтік-экономикалық жағдайды оңалту да сыртқы әлеммен байланыссыз жүзеге аспайтыны түсінікті. Көптеген қаржы институттары шоғырланған Америка мен Еуропа адам құқықтарын алға тартып, кейбір елдермен жан-жақты қарым-қатынас орнатуға қашанда оң көзқарас танытпайтындығы белгілі. Ал Ауғанстанда халықтың жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін инвестициялық жобалары бар Қытайға саяси тұрақтылық ауадай қажет.

Халықаралық Fitch рейтингтік агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, Биылғы жылдың

қатарын толықтыру қаупі тұр. Олардың негізгі қоныстанатын және елден шығу жолдары шекаралас Пәкістан, Иран және Орталық Азия мемлекеттерінің территориясы болмақ. Ары қарай Түркия, Ресей, Еуроодақ мемлекеттеріне де өтіп кететіні анық.

Осы ретте Ауғанстанмен көршілес елдер өз шекарасын нығайтуға күш салып жатыр. Иран



АУҒАННЫҢ ЕНДІГІ ХАЛІ НЕ БОЛМАҚ?



қорытындысы бойынша, Ауғанстанның жалпы ішкі өнімі 9,7 пайызға, ал келесі жылы 5,2 пайызға қысқаруы мүмкін. Елдің көп бөлігінде медициналық мекеме, электр және сумен қамтамасыз ету секілді инфрақұрылымдар зақымдалған. Оларды қалпына келтіру жұмыстарына 2 млрд доллар көлемінде қаражат керек. Ауған валютасы үсті-үстіне құнсызданып, азық-түлік қымбаттады. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, қуаншылық салдарынан биылғы егін өнімдерінің 40 пайызы күйіп кеткен. Осының бәрі, сондай-ақ COVID-19 пандемиясының салдары 19 млн ауғандықтың ашаршылық шенгеліне ілінуіне себеп болуы мүмкін.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауғанстандағы гуманитарлық мәселелер бойынша үйлестірушісі Рәміз Әлақбаровтың мәліметіне сүйенсек, елдегі жаппай ашаршылықтың алдын алу үшін 200 миллион доллар көлемінде қаржы қажет. Осы ретте Western Union, Money Gram секілді халықаралық компаниялар өз жұмысын қайта жандандыруды қолға ала бастады. БҰҰ АҚШ бұғаттап тастаған ауғанның 9,7 млрд доллар көлеміндегі қаржысын шешуге рұқсат беруін сұрап отыр.

Ал әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ушығуының алдын алмаған жағдайда, шамамен 11 миллионға жуық ауғандық шетел асып, әлемдегі босқындар санының

өзінің шығыс шекарасын қосымша әскермен күшейтті. Өзбекстан елдегі заңсыз жүрген Ауғанстан азаматтарын іздестіріп, оларды елден аластатуға күш салуда. Себебі бұл елдің аумағында заңсыз қоныс тепкен ауғандар көп. Сонымен қатар, олар көршілес жатқан Орталық Азия елдеріне өту жолдарын да қарастыруда. Тәжікстанмен шекара бойын тәліптер қосымша бекеттер қою арқылы күшейтіп, ауғандардың елден қашуына тосқауыл қойып отыр.

Алайда босқындардың қарқынын тоқтату жұмыстары көбіне тиімсіз болып жатыр. Заңсыз көші-кон және ауған азаматтарының көрші елдерде тұрақты түрде тұруды заңдастыру деректері жиі орын алуда. Ауғандардың жақсы өмір іздеп шекара асуы енбек нарығындағы кәсіби мамандардың азайып, елдегі жұмыс күшінің тапшылығын тудыруда. Оған шариғат заңдарына сай, әйелдердің жұмыс істеуіне қатаң тыйым салынғанын қосыңыз.

Шариғат заңдарына сай білім беру гендерлік сипатта ұйымдастырылып, ер балалар мен қыз балаларды бөлек оқыту жүйесіне көшкен. «Шариғат заңдары және Ислам құқығы» пәндерін оқыту сағаттарын көбейткен және жоғары оқу орнын бітірген студенттерге қосымша «дін маманы» деген дәреже беріледі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, Ауғанстанның

денсаулық сақтау жүйесі де құлдыраудың шегіне жетіп, елдегі ауруханалардың 17 пайызы ғана жұмыс істеп тұр. Коронавирус таралуының алдын алу үшін, жыл соңына дейін тұрғындардың 20 пайызына екпе ету керек. БҰҰ бұл саладағы жұмыстарға 45 млн доллар көлемінде қаржы керек екенін мәлімдеп, дабыл қағуда.

Ішкі саясатта тәліптердің үкімет құрамын жасақтау, мемлекеттік басқару жүйесін және елдің тұрмыс-жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды дайындау ісі баяу жүріп жатыр. Мемлекеттің ес жиып, өркендеуіне бағытталған шаралар бірқатар кедергілерге тап болуда. 38 миллион халқы бар, түрлі ұлт пен ұлыстан құралған, халқы көптеген жылдарға созылған қақтығыстан титықтап, әбден шаршаған елді бірден түзу жолға салып жіберу мүмкін емес екені айdan анық нәрсе.

Бұған айқас ретінде тәліптердің ресми өкілі Сүһәйл Шахиннің тұрақты ауған үкіметін құру, министрлерді тағайындау қиындық тудыратындықтан, бұл жұмыс бірнеше айға



созылатынының жөніндегі мәлімдемесін айтқан жөн.

Оның үстіне, «Тәлибан» қозғалысы қатарында бірқатар өркөкірек көшбасшыларының болуы келешек биліктің тұрақты болатындығына күмән келтіреді.

Осы орайда премьер-министрдің орынбасары міндетін уақытша атқарушы Абдул Ғани Бәрадар мен ішкі істер министрінің міндетін уақытша атқарушы Сейражуддин Хаккани арасындағы келіспеушілікті атап өтуге болады.

Сонымен қатар, уезд және провинциялар шеңберіндегі тағайындаулар барысында тәліптер жағында соғысқан командирлер арасында да бақталастық өршіп тұр. Бұл жағдай өз кезегінде жер-жерде кримоногендік жағдайдың нашарлауына әсер етуде.

Жалпы алғанда тәліптер әлемдік қауымдастық алдында инклюзивті үкімет құрамыз, елдегі ұлтаралық келісім секілді проблемаға ерекше көңіл бөлеміз деп жариялаған еді. Алайда Ауғанстанның мемлекеттік басқару жүйесінде басшылық қызметтерге тәліптердің қатарынан шыққан пуштун ұлтының өкілдері сайланып жатыр.

Бұл өз кезегінде аз ұлттардың наразылығын тудырып, елдегі саяси жағдайдың тұрақтануына кері әсерін тигізуде. Мысалы, хазаралар ұлысының көшбасшысы Мұхаммед Кәрім

Халили «тәліптер өз уәделерін орындамаған және халыққа қарсы зорлық-зомбылығын тоқтатпаған жағдайда аз ұлттар бас көтеріп, қарулы қақтығысқа баруға дайын» екендігін мәлімдеді.

Ал жалпы тәліптерге қарсы қозғалыс ретінде аз ұлттар тәжік ұлтының өкілі, атакты дала қолбасшысы, кезінде Кеңес үкіметі мен тәліптерге қарсы соғыс жүргізген Ахмад Шах Масудтың ұлы Ахмад

Масудтың айналасына шоғырланып, «Ұлттық қарсы тұру майданын» құрған еді. Олар қазір Кабул қаласының маңындағы Панжшер шатқалында шоғырланып, партизан ұрысын жүргізу әдісіне көшкен.

Сонымен қатар соғыс басталған кезде шетелге қашып кеткен өзбектердің көшбасшысы Рашид Достум, тәжік ұлтының көшбасшылары Атта Мұхаммед Нур, Бисмилла Мұхаммади, Салахутдин Раббани, Абдул Халили және хазаралар Исмаил Хан, Жүніс Қануни, Мұхаммед Мұхаккик өздерінің жеңілісін мойындамайтынын және Ахмад Масудтың қатарында күресті жалғастыра беретінін жеткізді.

Қазіргі таңда көп мемлекетте «ланкестік ұйым» деп танылған «Тәлибан» қозғалысы өкілдерінің билігін қай елдердің ресми түрде танытыны әлемде үлкен қызығушылық тудырып отыр. Жоғарыда атап өткеніміздей, сыртқы әлеммен тығыз байланыс орнату үшін алдымен оларды тану қажет. Әрине, көмек қолын созып, гуманитарлық көмек көрсетіп жатқандар да

бар. Алайда бір күндік көмекпен жылдар бойы қордаланған ішкі әлеуметтік-экономикалық түйткілдердің шешілмейтіні анық.

Ернұр КЕНЖЕБАЙ,
шолушы

Премьер-Министр Асқар Мәмин АҚШ-тың «Шеврон» (Chevron) компаниясының өндіріс мәселелері жөніндегі вице-президенті Джеймс Джонсонмен (James Johnson) келіссөз жүргізді. Кездесуге энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев қатысты.

Тараптар «Тенішевройл» (ТШО) компаниясының болашақ кеңейту жобасын іске асыру, Қарашығанақ жобасын кеңейту және Каспий құбыр консорциумының қуатын арттырудың келешегіне қатысты мәселелерді талқылады.

Кездесуде заманауи экологиялық таза технологияларды қолдану, әлеуметтік жобаларды іске асыру, денсаулық сақтау және енбек қауіпсіздігі саласында жоғары стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету жайы да сөз болды.

Американдық «Шеврон» корпорациясы еліміздегі Теніз (50%), Қарашығанақ (18%) және Каспий құбыр консорциумы (15%) сияқты жобаларда активтері бар аса ірі шетелдік инвестор екені мәлім.

2020 жылы ТШО-да шикі мұнай өндіру көлемі 26,5 млн тоннаны құрады. Компания тарапынан бытыр мемлекетке 6,6 млрд доллар көлемінде тікелей қаржылық төлем жүзеге асырылды.



ЖАҢА ҚОРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІГІ

Сондай-ақ, 3,5 млрд доллардан астам сомаға казакстандық жеткізушілердің тауарлары мен қызметі сатып алынды. Биыл ТШО 26,3 млн тонна көлемінде мұнай өндіруді жоспарлап отыр. Үстіміздегі жылдың 8 айында мемлекетке төлемдер 4,9 млрд долларды құрады.

Болашақ кеңейту жобасының аяқталуы 2023 жылдың соңында өндіріс көлемін жылына 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді. ТШО газы Атырау облысында полипропилен (*қуаты жылына 500 мың тонна*) және полиэтилен (*жылына 1,25 млн тонна*) өндіретін екі ірі газ-химия жобасы үшін ірі шикізат көзіне айналғалы тұр.



маңызы зор. Тікелей инвестициялар қорының механизмі «Шеврон» компаниясына Қазақстанда тапқан табысының бөлігін отандық мұнай-газ саласында тауар өндіретін, жұмыстар атқаратын және қызметтер көрсететін, қоршаған ортаны қорғайтын кәсіпорындарды, сонымен қатар ақпараттық және цифрлық технологиялар

саласындағы кәсіпорындарды құруға және қолдауға жұмсауға мүмкіндік береді», — деді.

«Шеврон» компаниясының барлау және өндіріс жөніндегі бөлімшесінің атқарушы вице-президенті Джей Джонсон (*Jay Johnson*): «Біз қордың инвестициялары табысты кәсіпорындарды құрудың және енбек ресурстарын дамытудың аркасында экономикалық өрлеуді жалғастыруға көмектеседі деп сенеміз», — деп атап өтті.

Меморандум еліміздің мұнай-газ, қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ ақпараттық және цифрлық технологиялар саласындағы тауар өндіру, жұмыстарды орындау және қызметтерді ұсыну жөніндегі коммерциялық кәсіпорындарға

инвестиция салу жолымен экономиканы және жергілікті қамтуды дамыту үшін қор құруды көздейді.

Қор капиталын «Шеврон» компаниясының Қазақстанда тапқан пайдасының бір бөлігі құрайды.

Талап ТІЛЕГЕН



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АИМАQ

www.jasqazaq.kz

Мәселе

Биылғы сәуір айының соңында «Nur Otan» партиясының

Шымкент қалалық филиалы жанынан «Ұлт денсаулығы мәселелері» жөнінде Қоғамдық кеңес құрылған болатын. Қоғамдық кеңес төрағасы Есенбек Серкебаев кеңес отырысында қаладағы Жол картасына енген медициналық нысандардың ішіндегі «Ана мен бала» оңалту орталығы мен №2 қалалық ауруханасында жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарын сынға алды.

Қоғамдық кеңес мамыр айында «Ана мен бала» оңалту орталығы мен №2 қалалық ауруханасындағы күрделі жөндеу жұмыстарына мониторинг жүргізу, құрылыс барысымен және олардың медициналық, техникалық жабдықталуымен танысу және бақылау мақсатында көшпелі іс-шара өткізіп, оның барысында төмендегідей елеулі кемшіліктерді анықтаған еді.

«Ана мен бала» оңалту орталығында медициналық газдың орналасқан жері мен

Аурухананың кір жуу ғимаратында өндірістік кір жуу машиналары, сонымен қатар науқастарды қабылдау бөлімі мен емханада екпе салу бөлмелерінің маңында



АУРУХАНАДА АҚАУ КӨП немесе 3,8 млрд теңге қайда жұмсалды?



тарататын құбырлары күрделі жөндеуден өтпеген және қауіпсіздік талаптарына мүлде сай емес және орталықта бейнекамералар саны жеткіліксіз.

№2 қалалық аурухананың айналасында абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары толық жүргізілмеген. Негізгі күрделі жөндеу құжаттарына сәйкес, аурухана ғимаратының тек қаңқасы қалады, қалғанының бәрі түгел жанартылуы тиіс. Сыртқы қоршауының бірі ауыстырылып, кейбірі ауыстырылмаған. Ауыстырылғандары боялмаған.

Аурухана ғимараттарына көз жүгірткенде-ақ сапасыз жұмыстар жүргізілгені байқалды. Сыртқы қоршаулары мен кейбір ғимараттары тіптен күрделі жөндеу көрмеген. Негізгі қақпасынан кіреберістегі модуль ғимараты да мүлде жөнделмеген. Аурухана аумағында орналасқан трансформатор желісі де кеңес мүшелерінің көңілінен шықпады.

бейнекамералар тіптен жоқ болып шықты. Жалпы ауруханада бейнекамера атымен жоқ. Бас дәрігердің міндетін атқарушы Асқар Рахматуллаев «Бұл жерде ковид орталығы болды» деп сылтау айтып шығарып салды. «Істейтін адам ешнәрсеге карамай істейді. Қыркүйек айының соңына дейін уақыт сұраған еді. Бірақ қазан айының алғашқы онкүндігі аяқталуға жақын. Әлі де ретке келтірілмейті. Бөлінген сомасы да өте ауқымды. 3,8 млрд теңге. Ал мамандар мұнша қаржыға типтік үлгідегі 2 жана аурухана салуға болады деп айтып жатыр», — дейді Есенбек Салдарбекұлы.

Ал қалалық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бакытжан Позилов қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан айтылған сынға былай деп жауап берді:

«2019 жылы 4 ауруханамыздың күрделі жөндеу жұмыстарын жоспарлаған едік. Өкінішке қарай, бірде-бірінің жұмысы уақытында бітпеді. Кей

ауруханаларымыздың жөндеу жұмыстары әлі күнге аяқталмай тұр. «Фосфоршылар ауруханасы» аталып кеткен №2 қалалық ауруханасының кірпіші 1956 жылы қаланған. Одан бері бірде-бір терезесі ауыспаған. Жөндеу жұмыстарын 2020 жылдың соңында аяқтауымыз керек болатын. Бірақ біз 2021 жылы бітірдік. Себебі пандемияға байланысты 3 айға жуық уақыт жұмысшылар болмай қалды.

Ал кір жуу машинасының бағасы өте қымбат. Компаниялармен аутсорсинг жасасып жатырмыз. Алайда жеткізу, логистика жағы қиын болып тұр.

Трансформаторға келсек, жақында апаттық жағдай орын алып, күйіп кетті. Төтенше жағдайлар департаменті мамандарын шақырып, ішкі генераторын ауыстырдық. Тротуарлардың түсіп кетуі жиі орын алып жатыр. Мердігер компания бес жылға дейін өзіне тиесілі жұмыстарды жасап береді».

Сонымен күрделі жөндеу жұмысына 3,8 млрд теңге бөлінген №2 қалалық ауруханасының төңірегіндегі мәселе әлі шешімін таппаған. Денсаулық сақтау басқармасының басшысы барлығын пандемияны, жұмысшылардың жоқтығын сылтауратып ақталады. Ал жұмыс күшіне мүлде қатысы жоқ материалдық-техникалық жабдықтауға бөлінген қаржының қайда кеткенін депутаттар да, қарапайым халық та түсінбей басы қатып жүр. Мемлекет қазынасынан бөлінген қомақты қаржы орнымен жұмсалды ма? Бұл жағы бізге беймәлім.

Мәлдір КЕНЖЕБАЙ

Еске алу

Дана халқымызда адамның кей мінезі туған топырағына, кейде жарық дүние есігін ашқан кезіндегі табиғат маусымына ұқсайды деген ұғым қалыптасқан. Болса болар-ау! Самарқанның көк тасы еритін көктемде дүниеге келген Қанатбек Тілеубергенұлының болмыс-бітімі табиғатпен үндес еді. Ел-жұртқа сыйлы бола білген асыл азамат тірлігінде талай шаруаның басын қайырып, бала-шағасына тағылымды тәрбие бере білді. Ананың ақ сүтімен дарыған асыл қасиет болса керек, басшылық қызметте жүрсе де, өн бойынан кісілік пен кішілік, парық пен парасат, зерделілік пен зиялылықтың иісі аңқыды...

СЕНІҢ ІЗІҢ ӨШПЕУ ҮШІН ТІРЛІКТЕ...

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Тарбағатай ауылының тұрғыны, саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне сарп еткен Қанатбек Тілеубергенұлы Жұмділовтың өмірден өткеніне биыл 10 жыл. Көзі тірісінде жайдары мінезімен, еселі еңбегімен талғар биікке шыққан сан қырлы тұлға небәрі 49 жасында жалғаннан жұлдыздай ағып түсті...

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген қолы ашық, жаны жайсаң ардақты әкемізді сағына еске алып, төмендегі жыр жолдарын арнаймыз. Оның асқақ рухы, азаматтық бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады!



Өміріңді ұстаздыққа арнап ең,
Алтынсарин салып кеткен жолменен.
Сен баптаған Тарбағатай жастары,
Топқа түссе, көштен қалып көрмеген.

Енді бірі өнер қуып өрлеген,
Енді бірі бұрын өткен кермеден.
Бірақ... бірақ соның қазір барлығы,
Сенің адал ниетіңе шөлдеген.

Себебі сол, қырық тоғыз жасыңда-ақ,
Арсыз ажал жабысты да көлденең,
Алып тынды.
Ал біз сені білетін,
Жылап тұрдық жоқтау айтқан елменен.

Отбасылық отыз жылдық ғұмырда,
Қуаныш та, бақыт та бар шынында.
Әрқайсысы бір-бір заңғар шынар боп,
Келеді өсіп үш қызың, қос ұлың да.

Теңін тауып, қызы кетсе Қырымға,
Қазақ оны балар жақсы ырымға.
Тәубе, тәубе көктеп жатыр ұрпағың,
Ұлдар отыр өзің күткен тұғырда.

Қайран әке, сен халықтың ұлы едің,
Өз ісіне адал болды жүрегің.
Сенің ізің өштеу үшін тірлікте,
Дәл өзіңдей адал өмір сүремін!

Сағына еске алушылар:
жұбайы Кенже, бала-шағасы

Өнеге

Алматыдағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының демеушілігімен «Алаш аруы» байқауы ұйымдастырылды. Ұлттық құндылықтар дәріптелген байқауда қазақ қызының болмысы, тәлім-тәрбиесі, өнері мен өнегесі паш етілді.

Танымдық байқау YouTube желісінде АтапатTV арнасында жастарға арналған «Алаш аруы» танымдық бағдарламасы арқылы көпшілікке ұсынылды. Тағылымдық бағыттағы, байқау сипатындағы бағдарламаның басты мақсаты: қазақ тарихындағы әйгілі аналардың өнегелі өмірінен үлгі алған, ұлттық тәрбие мен заманауи біліммен қаруланған қазақ қызының жаңа тұлғасын таныту. Қазіргі қазақ қыздарының жарқын келбеті мен жақсы қасиетін дәріптеу. Байқаудың сынынан сүрінбей өткен арулар Ұлпан Ерлікжанқызы, Аида Болат, Нұрай Айтбаева, Арайлым Сүлеймен, Інжу Маратқызы ұйымдастырушылар тарапынан ақшалай сыйлық пен марапаттау қағазына ие болды. Ал Балбала Дүйсенәлі «Алаш аруы» атанды.

Салтанатты іс-шарада сөз алған еліміздің білім беру ісінің үздігі, Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр академиясының академигі Ғалия Қайдауылқызы: «Төле би бабамыз «Ақылды әйел — әулие» деген екен. Бұл байқау сұлу



«АЛАШ АРУЫ» АНЫҚТАЛДЫ

қыздарды жай ғана іріктеу емес, «бізде де үлгі алатын арулар бар, біздің болашағымыз бүгіннен басталады» дегенді білдірсе керек. Аруларымыз тек қана әдемілігімен емес, намысы мен жігері, ары мен аркалы қасиеті, өнері мен өнегесі қатар келе жатқанын, ертең бір отбасының аяулы анасы болатындарын көрсетті», — деді.

Жұлде алған арулардың байқау сынынан қалай өтіп, қандай ерекше өнерімен дараланғаны көпшілікке бейнеролик ретінде ұсынылды.

«Алаш аруы» жобасының ұйымдастырушысы Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының атқарушы директоры Серік Әкранұлы байқау жайлы былай деді: «Біздің көзделгеніміз «Алаш аруы» деген атауды аруларымызға жай ұсына салу емес. Мақсатымыз — ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Қазіргі заманауи қазақ қызының бойынан ұлттық мәдениетімізге, салт-дәстүрімізге деген құрметті көргіміз келді. «Қазақ қызы» деген ғажап атаудың мағынасын, мәнін, үлгісін көрсету».

«Алаш аруы» деген байқау туралы естігенде бірден қатысуға өтініш бердім», — дейді жұлдегерлер қатарынан ерекше дараланған ару Нұрай Айтбаева. — Өзім киелі Сыр өңірінің

тумасымын. Бүгінде ҚыздарҰПУ-нің «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 1-курс магистрантымын. Байқау атауы ерекше әсер етті. Талаптарына да өз бойымдағы қасиеттер



сай екенін түсініп, бірден өтініш білдірдім. Сарапшымен сұхбат барысында білмегенімді үйреніп, өзіме мол тәжірибе жинадым», — деді. «Алаш аруы» байқауының әрбір жеңімпазы өнерлі. Өз саласында бағындырған белесі де бар.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл

Жауһар жырларымен халқының жүрегінде сақталған ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толған мерейтойы үлкен дәрежеде тойланды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген ақынның мерейтойында көптеген игілікті шаралар іске асты.

Өз кезегінде Jas qazaq халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Мұқағали» журналының бас редакторы Батық Мөжигұлының ақиық ақын туралы лебізін жариялауды жөн көрді.

Ақын тойы — алаштың тойы. Мақатаев — халықтық тұлға. Мақатаев мұрасы — қазақтың қазынасы. Ол туралы әңгіме таусылмайды. Сондықтан бүгінгі сөзді қысқа қайырып, азаттықты аңсаған Мұқағалиға тоқталайын.

Ақынның «Автограф» атты өлеңін бәріңіз жақсы білесіздер.

*Сырым да осы, жырым да осы алдында,
Байқашы бір, бықысым ба, жандым ба?!
Махаңдар жоқ, Махаңдардың сарқыты,
Мұқағали Мақатаев бар мұнда, —*

дейді жыр тарланы. Қаламгер осы сертінен танбады. Өлеңдерін ерлік пен өрліктің отына суарды. Әр қазақтың көкірегіне алаштың рухы болып ұялады. Ар-намыстың жолында Махаңдарша күресті. Оның дәлелі — алдыныздағы асыл жыр.

Ол өлең жазудың қуанышын місе тұтқан жоқ. Дүниенің арғы-бергісін кең бағдарлады. Кемел биікке көтерілді. Философиялық ой айтудың әлемдік дәрежесін меңгерді. Оқуын тоқуына ұластырды. Терең біліммен сусындады. Өкінішке қарай, заманынан асып туған хас таланттар қашанда азап шегеді. Өйткені «өмірде ақындардың бәрі жалғыз».

Мақатаевты халқының тағдыры, оның азаттығына қатысты мәселелер үнемі толғандырды. Ақынның асқақ рухы билік сызған шеңберге симады.

*Мінезін бермей түлкінің,
Жүрегін бердің қасқырдың...
Қапыда кейде қан құсып,
Қасқырмын дедім, қасқырмын.
Кеудеме мына нан пісіп,
Басыммен барып тасты ұрдым, —*

деуі жүректің сөзі. Қызыл империяның қыспағына карамастан, «Айтсын деп ақиқатты тіл берілген» деп бұлқинуы табиғи болмысқа тән адалдығы еді.

Ол талантының арқасында қазақтың жан дауысын қағазға түсірді. Қарая бастаған саналарға нұр септі. «Оян, казак!» ұранын шеберлікпен жаңғыртты. Ағарту жолында аталар арманын тірілтті. Ұлт алдындағы парызын, мойнындағы қарызын ойдағыдай өтеді.

Бұлай дегенде, әсірелеп отырғанымыз жоқ. Бәрі ақын жырында сайрап тұр. Мысалы, балалар жаттаған «Үш бақытым» өлеңін қайталап оқынызшы. Ақын казакқа керек үш бақытты бөліп қарастырған. Неге олай? Себебі осынау үш қажеттілік түгел болса, ел атанудың заңдылығы толық сақталады.

Ошақтың үш бұты секілді киелі тұғырдың біреуін құлатсақ, аманатқа қиянат жасағанымыз. Женіс туын қолдан бергеніміз, қор болғанымыз. Егемендік үшін күрес биік талғамнан, ак-қараны ажырататын танымнан басталады. Ұлттық мұрат — әр қазақтың келешегі. Ақын өз оқырманын осыған тәрбиеледі. Уәдеден таймауға,



қиындықтан қашпауға шақырды. Асыл жырдың астарына үнілсеңіз, асқақ ойлар арқанызды қоздырады.

Ақын үш құндылықты негіз еткен қарапайым теорияны алдымызға тартты. «Бірінші бақыттың — халқын, екінші бақыттың — тілің, үшінші бақыттың — Отан» деді! Осылардың біреуін тәрк етсең, бақыт құсы басыннан ұшады. Егер халқың көбейіп, тілің құрыса, өскеннен, өркендегеннен не пайда?! Бұл — тірі жүріп жоғалғанмен бірдей. Ал тіл мен халық түгенделіп, Отансыздыққа ұрынсаң, құлдықтың қамытын кигенің! Үш күн бірдей күлімдеп нұрын төксе — азат өмір сүргенің! Сонау 70-ші жылдардың аясында ақиық ақын көкейімізге азаттықтың ұрығын септі. Сондықтан Мұқағали Мақатаевты күрескер емес деуге аузымыз бармайтын шығар?!

Құдайсыздықты уағыздаған коммунистік идеология қазақы тәрбиені ірітті. Зиялы жандар зиянды құбылысты байқамай қалған жоқ. Оның алдыны қатарында Мұқағали да бар еді. Заман осылай кете берсе, бабалар дәстүрі эрозияға ұшырайды. Ұлттық иммунитетке қауіп төнеді. «Малымды алсаң, ал Құдай, пейілімді алма» деген өсиет мазмұнынан айырылады. Ақынның жүрегінен жас тамшылады, шыыршық атты. Содан кейін каламды қару етіп атқа мінді, шындықты жырмен баяндауға бел буды.

*Ақсақалдар не деген керім еді!
Не біледі, осы жұрт не біледі?!
Бабалардың баласы — қариялар,
Сиреп бара жатқандай көрінеді...*



АҚЫН ШАБЫТЫ ШАЛҚЫҒАН САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ТҮГЕЛДЕЙ ЕЛІНЕ АРНАДЫ. ХАЛҚЫНЫҢ ШЫРАҒЫН ЖАҚТЫ. САҚТАР МЕН ҒҰНДАРДЫҢ, ЕР ТҮРІКТІҢ ҚАНЫНАН ЖАРАЛҒАНЫН ЕСТЕРІНЕ САЛДЫ. ЕНДІ ҚАЙДА БАРАТЫНЫН ӨЛЕҢМЕН НҰСКАДЫ. ӨСУГЕ БОЛАДЫ, ӨШУГЕ ҚАЗАҚТЫҢ ХАҚЫСЫ ЖОҚ. ОЛ НЕНІ АЙТСА ДА, ҚАЛАЙ АЙТСА ДА, ЕҢ АЛДЫМЕН ЖҮРЕКТЕРДІ ЖАУЛАДЫ.

канып актара алмаған. Өйткені кеңестік билік саптаякқа қымыз құйып, сабынан қарауыл қарады. Қаламгердің көзқарасын таптық өлшеммен таразылады. Аяғына көрінбейтін тұсау салды. Тұлпардай шапқылатпады. Түйсікті жанға бұдан өткен не қыспақ бар?! Ұлтының рухын өлеңмен көтермесе, қара көбейткеннің қажеті қанша?! Ол күрескерлерше күйзелді. Өйткені Мұқағали кітап шығарғанға шүкіршілік ететін көнбістердің қатарынан емес еді.

*Ойлы жас! Өлең менің сырласымдай,
Сырласам да құмарым жүр басылмай.
Айтып өткен ақында арман бар ма,
Жүрегіңіз түбінде кір жасырмай, —*

дегені азаттықты аңсаудан туған арманды тіркестер.

Ақын мандай терін босқа төккен жоқ. Әрбір қазақты қалыптауға тырысты. Соны сезіндірудің әдістерін тапты.

АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН АҚЫН

*... Ақиқатты айқындап жариялар.
Бара жатыр азайып қариялар.
Дауы тұрса, бүлк етіп толқымайтын
Бара жатыр сарқылып дариялар*

*Немесе
Әжсе, сен бірге жүрсің меніменен,
Өлімге мен өзінді телімегем.
... Ақ кимешек астынан сені көрем,*

АҚЫН ҮШ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ НЕГІЗ ЕТКЕН ҚАРАПАЙЫМ ТЕОРИЯНЫ АЛДЫМЫЗҒА ТАРТТЫ. «БІРІНШІ БАҚЫТЫҢ – ХАЛҚЫҢ, ЕКІНШІ БАҚЫТЫҢ – ТІЛІҢ, ҮШІНШІ БАҚЫТЫҢ – ОТАН» ДЕДІ! ОСЫЛАРДЫҢ БІРЕУІН ТӨРК ЕТСЕҢ, БАҚЫТ ҚҰСЫ БАСЫҢНАН ҰШАДЫ. ЕГЕР ХАЛҚЫҢ КӨБЕЙІП, ТІЛІҢ ҚҰРЫСА, ӨСКЕННЕН, ӨРКЕНДЕГЕННЕН НЕ ПАЙДА?! БҰЛ – ТІРІ ЖҮРІП ЖОҒАЛҒАНМЕН БІРДЕЙ. АЛ ТІЛ МЕН ХАЛЫҚ ТҮГЕНДЕЛІП, ОТАНСЫЗДЫҚҚА ҰРЫНСАҢ, ҚҰЛДЫҚТЫҢ ҚАМЫТЫН КИГЕНІҢ!

Ақ кимешек жоғалса, нені көрем?!

— деп бүгін мен ертенге ақындық жолдауын жасады.

Компартия билік құрып тұрғанда бұлай сөйлеу онай емес. Қызыл саясатқа қарсы келгендер қиындыққа жолығады. Шөміштен қағылады, қызметтен шеттетіледі. Марапат бұйырмайды. Себебі нағыз ақын ұлттық сананы оятып жіберуі мүмкін.

Рас, қариялар сиреді. Алайда шалдардың қатары сиреген жоқ. Шалдардың қариялардан айырмашылығы — өзі де, сөзі де ұсақталған еді. Ондай адамдардың ұлтты жаңғыртуға шамасы келмейтін. Кәсіпкерлікті ұмытқан. Ата салтты арзандатқан. «Майдаңда түспей бөйге алатын». Мұндай дағдымен ауызданған ұрпақ не болады?! Олар елін қандай ұшпаққа шығарды?! Ақиық ақын осыны ойлағанда шыдап тұра алмады. Ақиқатқа араша түсіп өлең жазды.

Қараулыққа қарсы шапты. Жырдың киесіне жүгінді. Құрғақ ұранды майданбады. Қызыл сөзге алданбады. Әр шумакты көркем оймен көмкерді, қылыштай өткірледі. Атқан жebesін нысанаға дөп тигізді. «Қазак қайда барады?» деген сұраққа дамылсыз жауап іздеді. Сондықтан «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай» болған Мұқағали Мақатаевты алаш қайраткерлері қозғалысының 70-ші жылдардағы жаңа толқынына баласақ қателеспейтін шығармыз.

Сырттай қарағанда Мұқағали бәрін айтқандай көрінеді. Ал ақынға құлақ түрсең, жағдай басқаша. Көңілдегі жырды айызы

RÝQANIAT 7

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

— деп кобыздың күніренген қоныр дауысына қосылды. Мұқағали бабалардың қаны сіңген байтақ даланы, «Алатау, Алтай, Атырауды» ғана Отаным деп ұқты. Соның мойнынан құшақтап жылады. Аты бар да, заты жоқ өгей тіршілікті тәрк етті. Ақын Отанына, Отаны перзентіне еміренді. Олар бір-біріне тәуелсіздік тіледі.

Мұндағы мұңлы суреттен Мұқағалиды ғана көрмейсіз. Оның ар жағынан алаш қайраткерлері қарап тұр. Ақын күллі күрескер тұлғалардың бәрін бір образға жинақтаған. Бұл өлең — солардың да монологы. 90-шы жылдары аталған толғау қазақ елі арасына кең тарады.

*Аттағысы кеп басымнан,
Жан болса егер басымнан.
Басыңдарға бас ұрман,
Үйреттің солай жасымнан.
Сенесің бе, Отан, осыған!?*

*Өзіңмен ғана сырласам,
Өзіңсіз менде тумас ән...*

*Өзегім шіріп өлер ем,
Өзіңнен егер тумасам,*

— дейді ақын ештемеден жасқанбай. Ақын шабыты шалқыған саналы ғұмырын түгелдей еліне арнады. Халқының шырағын жақты. Сақтар мен Ғұндардың, ер Түріктің қанынан жаралғанын естеріне салды. Енді қайда баратынын өлеңмен нұсқалды. Өсуге болады, өшуге қазақтың хақысы жоқ. Ол нені айтса да, қалай айтса да, ең алдымен жүректерді жаулады. Сондықтан шығар, 45 жыл бұрын жазылған жырлар әлі жана, жалынын жаркылдатқан қалыбында адамдарға қызмет етіп жатыр.

*Зәр ұсынған адамға
нан ұсынған,
Алысудан аулақпын,
шабысудан.
Ей, қазақтың баласы,
есіңе ұста,
Өлсем — өлем сірә, мен
намысымнан!*



Қиыннан қиыстырған амалына қарап әрі сүйінесің, әрі таңғаласың.

*... Мына бақты көргендер төбеңдегі,
Сенің мына кейпіңе сенер ме еді?
Қорқыт, Асан тірілің қайта келсе,
Қуанғаннан жүрегі қарс айырылып.
Бәлкім, олар қайтадан өлер ме еді?! —*

дейді республика туралы тебіреніп. Кеңестік өзгерістерді құптағандай кейіп танытады. Анығында жырдың ниеті бөлек еді. Қоғамының компартиялық ренде емес, ұлттық сипатта түлегенін қалады. Қорқыт, Асан қайта тіріліп келіп қуанса дейді. Сағындырған келешекті көзіне елестетеді. Еркіндікті естен шығармауға, бостандықтан үміт үзбеуге үндейді. Бабалардың ұлы өсиетін ұрпақтарға аманаттайды. Сөздерін сарымайдан қыл суығрандай етіп сүйкімді орындайды. Ақиық ақынның не ойлағанын қазағы ұқты. Сонымен бірге, кеңестің қауіпсіздік қызметі де аңғарды. Ел-жұрты — ақын жырынан алқа тақты. Екіншісі — «әйтеуір, бір жерінен кінә тауып» жаман атын шығаруға тырысты. Өмірінің соңғы төрт жылында ұлы таланттың Алматыда, қаптаған баспасөздің ортасында жұмыссыз қалуы бекер емес. «Жұлдыз» журналының делосын өткізіп беріп, поэзиямды өзіме алып қалдым» немесе «Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, Алайда өлтіре алмас өлеңді ешкім» деуінде өксікті сырлар жатыр. Біз Мақатаев шындығын жанаша бағалай бастадық. Оның толық жеңімпаздығына қол қою хақы жарқын болашақтың еншісінде.

Мұқағалидың «Отаным, саған айтамын» деген толғауы бар. Ол кездегі Отан — СССР. Астанасы — Москва. Несін жасырайық, сол сарынмен тәрбиеленген біздер, менің қатарластарым, ұлттық ұғымдарға комсомолдарша қарай бастадық.

Алайда Мұқағали олай өмір сүрген жоқ. Өлеңдері арқылы ақ пен қараның ғазауат майданына араласты. Алапат күшпен жағаласты. Алаш баласының атқа мінгенін армандады. Ұлтқа деген махаббат ақын жанын от болып өртеді. Ақынның сондай сәттегі гәріп халін кім түсінбек, қайғы-шерін кімге ақтармақ?! Ол ұлтсызданудан шошыды. Ұлы уайым күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырды. Әрине, СССР-дың селт етпейтіні белгілі. Ендеше бұл туралы туған Отаны, жан дегендегі жалғыз қазақ еліне айтуы заңдылық еді.

*Отаным, саған айтамын,
Менде бір аппақ арман бар,
Ақтығы алғаш жауған қар,*

*Әдептімін, уяңмын, именемін,
Сыраға — бал, сыйыңа — сый беремін.
Аңқау қазақ екен деп, ағайындар,
Намысыма алайда тиге менің,*

— дейді хас батырларша.

Құдайшылығын айтыңыздаршы, бір келетін жалғанда Намыстан артық қандай құндылық бар?! Оны жоғалтсаң, бәрі жоғалады. Намыс — бостандықтың баспалдағы. Намыс — арынды қорғайтын қару. Намыс — қазақ болып дүниеге келу мен қазақ болып өлуің арасындағы парасат.

Түптің түбінде қара шаңыраққа бостандық бұйыратынын Мұқағали ақындық түйсікпен болжады. Жазушы Жәлел Кеттебекке айтқан мынандай сөзі бар. «Сендер мені дұрыстап танытсаңдар, мен он жылдан кейін жана Кенесарыны шығарамын» деген екен. Айтқаны дәл келді. 1976 жылы ақын дүниеден озды, 1986 жылы желтоқсаншылар болып жана Кенесарылар тарих сахнасына шықты.

Талант тас жарады, талант тасала қалмайды. «Алтын кездік қын түбінде жатпайды». Халық асыл сөзді таниды, асыл жыр жігерінді жаниды. Оның ғажайып мысалы — Мұқағали Мақатаев!

Ұлы қаламгердің жырлары сағынышка толы. Оның әр жолынан азаттықты аңсаған ерлердің дауысын естиміз. Дүниеде жақсы жыр жазған ақындар аз емес. Ал артына қазына қалдырғандар өте сирек. Ондай дарындар жүз жылда бір туады. Біз Мақатаев мерейтойын атап өткенде құрғақ мактанбайық. Тереннен ойланайық, тебіреніп толғанайық. Қазынасын ақтарып, ілімін игіріп, бұрын байқалмаған қырларын түгендейік. Оны ұлт идеологиясының алтын арқауына айналардайық. Сонда ғана ақын өнегесі тіршілігімізге құт болып дариды.



Батық МӘЖИТҰЛЫ,
«Мұқағали» журналының
бас редакторы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АНА

www.jasqazaq.kz



«Бұл мәселе де мені біраз ойландырды.

2-3 жыл бойы. Баю мәселесі. Сонау алас-күлес жекеменшелеңдіруде маған не бас, не жамбас, не төс, ең құрығанда асықжілік бұйырмалы. Биліктің бас-етегінде «Ау, Айхой-ау!» дейтін бір адаммыз болмаған сон... әлгі солар мен бұларша, заманға қарай жанартып айтқанда, «сиырды апалап, бұқаны жездеlep» көрмедім. Анаудан алып мынауға, мынауды алып анауға үстемелеп сату... тағы да не еді... е, иә, алдау-арбау ойыма

Қазақтың қазіргі қыздары біз көріп өскендердей әртүрлі әлпетті емес, біріне бірі, шын бар-ау, егіздердей ұқсас. Көне, саусақтарымызды бүге санап айтайықшы: кастары бір фабрик-зауыттан шыққандай біркелкі жіп-жінішке. Қайкитып жалғап қойған кірпіктері де, қарамен боялған көзжіектері де, көзқиықтары да бірдей. Ал көздерінің үстінгі жағы, астыңғы жағы, олары, расын айтайық, біркелкі емес, бірі көк бояулы, бірі жасыл бояулы. Еріндері десек, бәрі жалтыраған қып-қызыл. Ықшам ауыз... ол енді ықшамның аты, әрине, ықшам ғой, ал «шекарасы кен» ауыздардың еріндері, әсіресе қалыңдары екі құлақтың сырғалықтары арасындағы қып-қызыл сопақ шенбер сияктанып тұрады.

Мойыл кара ше? Әжелеріміздің, апаларымыздың, шешелеріміздің,

Тез баюдың екі жолы (Әзіл-сықақ әңгіме)

келмеді де. Калталары тесік-жыртық адамда бүтін-сау ой болмайды екен. Маған жүз айлалы миллионердің, мың айлалы миллиардердің бірі болу қайда, мұнайлы ел бола тұра, биыл бензиніміздің бағасы көкке шапшыған соң, не шара, көртең жолсерігім — «Москвичімді» ауладан шығарар бетім қалмағалы үш ай.

Не істеу керек? Чернышевский дегеннен, Лениннен қалған бұл ескі сұраққа жана жауапты қалай, қайдан табамын?.. Қысылғанда неден не шығатынын білессіздер. Соны айтқан қазақ та жырғап жүрмеген ғой. Менің де күлкім азайып, тал қармай басталдым да... бір күні...

таптым, жолын! Бұйырарда бұйым ғұрлы болмайды екен, біреуін қойып, екеуін бірден таптым! Алып-ұшпай, нөмірлеп айтайын.

1. Соңғы 4-5 жылда, менің болжауымша, «жанағы» деген сөз әрбір сегізінші қазақтың аузынан түспейтін болды. Әсіресе: жоғары-төмендегі тау-төбешік басшылар, шүпірлеген шенеуніктер, сөздің көрігі күрпілдеген парламент пен ассамблеяның депутаттары мен белсенділері «жанағыны» қыстырмай сөйлемейді. Мәселен: «Мен әрқашан жанағы ерте тұрамын да, жанағы беті-қолымды жылы сумен жанағы жуамын»; «Біздің жанағы билік басындағы аса біліктілеріміздің жанағы арқасында еліміздің жанағы экономикасы құлаштап жанағы дамуда»... дейді. Кейбіреулер: «Үкімет біздің жанағы айлық еңбекақымызға жанағы жиырма процент жанағы қосса, азық-түліктің бағасына жанағы жиырма бес процент өседі» деп қалғандар да жанағы бар... Егер мен сол «жанағы» деген жақсы сөзді жекешелеңдіріп, орысша айтқанда жанағы «прихвращациялап», біздегі бастан-аяқ әділ заңның біреуімен бекітіріп алып, сөйлегіштерге менің 1 «жанағым» үшін 5 теңге төлеуді міндеттеген жарлық шығартып алсам... уа-а-ай!.. менің есепшотыма күніне неше мың теңге құйылар еді?! Шіркін-ай, шіркін!.. Бірақ ол жарлықты қайда, кімге барып шығарта аламын?.. Бұл онқай ойымды тентектеу таксист балдызым Төкешке ақырын айтып едім, ол, неге екенін білмедім, екі құлағын екі алақанымен баса айналып кетіп, қайтадан қарап, маған екі қолын бір сермеп, басын шайқай қатты күліп алды да:

— Ақшаң болса қалтанда... шешініп тастап талтанда! — деді, қолдарын көтере саусақтарын шыртылдатып, ыржиып.

— Шатпашы! — дедім жыным жағалай бастап. Балдызекем ыржиған күйі маған иек қағып, кете беріп:

— Миыңның міндеті — ойлау ғана емес, сол ойды орындау, өйтпесе, неге керек, мысыққа тастай сал! — деп тағы да қарқылдады.

— Сенің міндетің оттау ғой! — деп қала бердім.

Мидың жазығы не? Маған жап-жақсы ой сыйлағаны ма?..

Жә, бұл проблема подождет. Ертең де күн бар.

2. Бұл ойым, «құдай қаласа» демей-ақ қойайын, онсыз да орындалады.

Бүгінде бізде қазақтың қызы көп болса да, қазақ қыз-келіншек тым аз.

апайларымыздың шашы бірінін жасы жеткеніне қарай мезгілінде ағарса, өмірдің тауқыметін тартқандардың, тіпті қарындастарымыздың да шашы мезгілінен ерте ағарды. Бүгінгілер қала тірлігінің бар қызығын ойнап-күліп көріп, мәселен, бишілері сахналарда шешініп тастай жаздап желіге би билеп жүреді. Әншілері әуені тақпақ тақилеттес өлденені бірде сәмпылдап, бірде қышқырып айтып, ары-бері ойықтап, бұрандап, секектетп, кейбіреуі залды аралап, гүл жинап алып, мөз-мәйрәм болып жүреді. Сөйтіп көңілдері қысы-жазы көктем болып, жастары 20 мен 70 аралығындағы бөрінің дерлік шаштары... сап-сары.

Салбыратып, жалбыратып, бет-ауыздарын жаба іліп-іліп қойған сабан секілді. Онысы несі, қалай? Жана заманымыз алып келген құбылыс па жанағы?.. Жә, мен оны түбін түсіре зерттейтін атаксыз да, атакты да ғалым емеспін, баюдың өзім ойлап тапқан екінші жолын айтып берейін де, ауызымды қымтайын.

Ауылда мыңжылдық құдам бар. Шөпбай. Пысық, іскер, ұстамды, жинақы адам. Соған кеше телефон соғып, ассалау-уағалейден сон:

— Шөке, маған саудырап кепкен екі қапшық сабан керек, тауып бере аласың ба? — дедім.

— Е, қаланың қазақтарына сабан керек болып жатыр ма, оны не қыласың? — деп танданды.

— Демің ішінде болсын, неге іздеп отырғанымды кейін айтамын, екі қапшық табыла ма? — дедім.

— Төрт қапшық керек емес пе? — Жок, әзірше екеу жетеді.

Бізге келіп-кетіп жүретін жолдас-жораларыңның біріне арқалатып жіберші!

— Е, жарайды. Ертеңдер әлгі кім... өзің білетін... Аршабай бармақшы, соған, иә, арқалатып қоя берейін.

— Уа, Шөке, жүз жаса!

— Бірге жасайык!

2 қапшық сабан дегенің, шырағым, бөреуіне 20 кило сыяды деп есептесен, шашын сарғайтып алуға зар болып жүрген 40 қыз-қырқынға қаптал жетеді. Килосын 1000 теңгеден десен де, бас салады олар! Көне, менің қалтама қанша теңге сытырлап түсерін есептеп көріңдер!..

«Екі аяқтыда тату бажекем» Айхой айтқан сіп-сібежай бір сыр — осы.



Фото: Фокин КАМЕР

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.
(07.X.2021 ж.)

ТҰСАУКЕСЕР

Жуырда Алматыдағы Ұлттық кітапхана төрінде академик Кәрімбек Құрманәлиевтің «Тіл және тұлға» атты кітабының тұсауы кесілді. Алаш ардақтыларының жолын жалғастырып, идеяларын одан әрі дамытып, тіл білімі ғылымының ілгерілеуіне, оның түркологияда өзіндік орын алуына өлшеусіз үлес қосқан ғалымдардың еңбектері бұл жинақта жан-жақты баяндалған.

Олардың қатарында Ісмет Кенесбаев, Мәулен Балакаев, Ғанетдин Мұсабаев, Ахмеді Ысқаков, Рәбиға Сыздықова сияқты елімізге танымал тұлғалар бар. Кітап мың данамен басылды. Автордың айтуынша, бұл еңбек сала мамандарына және көпшілік қауымға арналған. Осы орайда Кәрімбек Құрманәлиев: «Кітапта ғалымдардың жұртшылық біле бермейтін қырлары қоса баяндалады. Маған ақыл берген ұстазым, тіл білімі көрсеткішінің алты томын жазған академик Шора Сарыбаев. Бұл энциклопедиялық еңбек емес. Мұнда ғалымдардың жұмыстан тыс кезіндегі ермегі де (хобби) жазылды. Кітапқа енген ғалымдардың ерекше қырын да танытқым келді. Сондықтан бұл еңбек ғалымдарға ғана емес, жалпы жұртшылыққа жағымды жаналық болады деп ойлаймын», — деді.


Тұсаукесер рәсмінде сөз алған профессор Жамал Манкеева «Тіл және тұлға» кітабы туралы былай деді: «Біз әлі тілдің мәнін қоғам дұрыс түсіне алмай жүрміз. Кітапқа арқау болған ғалымдар туралы тоқтамай айта беруге болады. Кітаптағы Рәбиға Сыздықова жайлы ерекше айтып өтсем деймін. Ол кісінің еңбектерінің сөзі терең, мағынасы мәнді. Осы сынды ғалымдардың, әсіресе, тілші ғалымдардың еңбектері ерекше мәнге ие. Мұндай кітапты жазу үшін де терең тұлғалық болмыс болу керек. Тұлға дегеніміз кім? Оның өзін үш жақты қарастырамыз. Бірінші — тұлғалық қалыптасу адамның тегіне, шыққан отбасына байланысты. Міне, Кәрімбектің бойындағы тұлғалық қасиеттері осы кітапты жазып, тілдің мәнін түсіндіріп, танытып, осы еңбекті жазуында. Кітаптағы тақырыптардың өзінен ерекше тұлғалық бейнені көруге болады. Тілші ғалымдарды бағалау, сыйлау үрдісінің жалғасы деп білемін. Бізде

көп тілші ғалымдар бар. Олардың керемет еңбектерін ешкім аса бағалай бермейді. Сондықтан бұл еңбектің мәні зор».

Кітап авторы әдеттегідей энциклопедиялық анықтама және қатаң ғылыми стильмен шектелмей, тарихи-танымдық, ғылыми-публицистикалық бағытты ұстанған. Ғылым академиясы мүшелерінің еңбектерінен қысқаша мағлұмат бере отырып, ғалымдардың қайраткерлік, тұлғалық ерекшеліктерін ашып көрсеткен.



Тіл және тұлға



алғыс айтты. Сондай-ақ Ұлттық кітапхана қорына осы еңбегін тарту етті.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Жаз қазақ ғаламаттары



Суреттерді түсірген **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия кафедрасының оқытушысы



Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміз

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2281;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «АйАстана» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.